

Г.А. Ризаходжаева<sup>1</sup>, Н. Нұрмағанбетқызы<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Түркістан, Қазақстан

<sup>2</sup>Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Түркістан, Қазақстан

(E-mail: gulnara\_rizahodja@mail.ru, nurdana.nurmaganbetkyzy@iuth.edu.kz)

## Коммуникативті және когнитивті құзыреттілікті қалыптастыру процесіндегі цифрландырудың маңызы

**Аңдатпа.** Аталмыш мақала білім алушылардың сабақ материалдарын терең меңгеруіне көмектесетін Flipped Classroom технологиясының шығу тарихы мен мәнін сипаттауды, технологияның білім беру үдерісінің түрлі деңгейінде қолданылу ерекшеліктерін зерттеуді және оны қазақстандық білім беру орындарына енгізуге идеялар ұсынуды көздейді. Мақала Flipped Classroom технологиясының оқыту процесінде қолданылуының аспектілерін біршама ресейлік ғалымдардың еңбектеріне шолу жасау арқылы қарастырады. Flipped Classroom технологиясының ерекшеліктерін зерделеу барысында аталмыш сабақ өту технологиясына негізделген біршама оқыту әдістеріне жан-жақты шолу жасалды. Қазақстандық білім беру орындарында Flipped Classroom технологиясы көмегімен сабақ өткізудің қолданылу деңгейіне талдау жүргізіліп, түрлі жаңашыл әдістерді отандық білім беру орындарында қолдану үшін тың идеялар қарастырылды. Зерттеу қорытындысы бойынша, Flipped Classroom технологиясын тиімді қолданудың көмегімен оқушылардың теориялық материалдарды игеруі мен практикалық жұмыстарды еш қиындықсыз орындауына мүмкіндіктер ұлаятыны анықталды. Түрлі жүргізілген тәжірибелерді зерттеу барысында, технологияны қазақстандық білім беру жүйесінің барлық деңгейінде оқыту процесіне ендірудің тиімді болатындығы дәлелденді. Осы себепті Flipped Classroom технологиясы көмегімен сабақты қызықты әрі түсінікті етіп өткізуге, білімгер мен оқытушының уақытын үнемдеуге, білім алушының меңгерген ақпаратты тәжірибе жүзінде шыңдай білуіне жаңа ұсыныстар әзірленді.

**Түйін сөздер:** Flipped Classroom; онлайн ресурс; онлайн платформа; аудиоматериал; видеоматериал; практикалық жұмыс.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2023-144-3-192-206>

**Кіріспе.** Қазіргі таңда білім беру орындарында оқыту процесінде оқытуда білім беру процесі сапасының жоғарылауына әсер ететін ғаламтор құралдары мен заманауи IT-технологияларды қолдану өзекті болып табылады. Сол мақсатта орта білім беру орындарында сабақ өткізудің біршама жаңа әдістері бүгінде қолданысқа енгізілуде. Осындай әдістердің қатарына Flipped Classroom әдісін де қосуға болады. Оның негізгі мәні сыныптан тыс уақыттарда білім беру материалдарын білім алушыларға беру үшін алуан түрлі бейне-материалдарды пайдалану және оны білім алушылардың үй жағдайында пысықтап, ал сынып бөлмесіне келгенде игерілген теориялық материалды бекіте түсу үшін практикалық жұмыстарды орындауы болып табылады. Яғни, бұл мақсатта білім алушы әртүрлі онлайн ресурстар, білім беру платформалары, білім беру сайттары, онлайн аудио, видеоматериалдар көмегімен сабақ материалдары мен теориялық ақпаратты кез келген бос уақытында қарап, меңгереді. Ал сабаққа келгенде тек теориялық

ақпараттарды оқудың орнына мұғаліммен бірлесе отырып практикалық және жағдаяттық тапсырмаларды орындауға көп көңіл бөледі. Демек, бұл біріншіден, оқушы мен мұғалімнің уақыт үнемдеуіне әсерін тигізсе, екіншіден, оқушылардың сабақ материалдарын оңай, еш қиындықсыз меңгеруіне көмектеседі. Бұл әдіс білім алушыға сабақтарды қайтадан ұйымдастыруға, пысықтауға және өз бетінше бекітуге көп уақыт бөлуге мүмкіндік береді. Президентіміз Қ.Ж.Тоқаевтың 2021 жылғы Қазақстан халқына жолдауында қазіргі заманда бәсекеге қабілеттіліктің басты факторы ретінде цифрландыруды атап көрсетті. Еліміз үшін IT-секторды дамыту мен еліміздің орасан зор ақпараттық-телекоммуникациялық әлеуетін іске асырудың маңыздылығын және оның жаңа цифрлық дәуірде геосаяси маңызға ие екендігін тілге тиек етті[1]. Тақырыптың өзектілігі цифрлық технологиялар заманында оқыту процесін ұйымдастыруда «Flipped Classroom» технологиясын қолдану арқылы білім беруді үйлестіру әдістемелерін оңтайландыру жолдарын ұсынуда болып табылады. Тақырыптың мақсаты білім беру орындарында Flipped Classroom технологиясының көмегімен сабақ өткізудің ресейлік тәжірибесін зерттеу және оны қазақстандық оқу орындарында игеруге жаңа идеялар ұсыну болып табылады. Осы мақсатта тақырыпты зерделеу арқылы біршама жаңа міндеттер қойылды: 1) «Flipped Classroom» технологиясының жалпы теориялық аспектілерін қарастыру және зерттеу; 2) технологияға негізделген сабақ өту әдістемелерінің ресейлік оқу ордаларында қолданылу тәжірибесіне сипаттамалар мен талдау жасау; 3) оқыту үдерісінде «Flipped Classroom» технологиясын қолдану тәжірибесіне сәйкес, отандық білім беру орындарында сабақ өту әдістемелерін тиімділендіруге жаңа ұсыныстар әзірлеу. Тақырыптың зерттеу объектісі білім беру процесінде Flipped Classroom технологиясы кеңінен қолданылатын ресейлік білім беру орындарының қызметі болып табылады. Ғылыми жаңалық ретінде тақырыптың ұсыныс бөлімінде қарастырылғандай, білім алушылардың сабаққа деген қызығушылығы мен оқу материалдарын терең игеруіне жағдай жасау үшін қазақстандық оқу орындарында «Flipped Classroom» технологиясымен байланысты әртүрлі форматтағы жаңа әдістердің енгізілуін атауға болады. Ресейлік білім беру орындарында білім алушылардың оқу материалдарын игеруінің жоғары деңгейін қалыптастыру үшін «Flipped Classroom» технологиясы кеңінен қолданылады. Осы тұрғыда білім беру мамандары сабақ өту барысында білім алушыларға барынша ыңғайлы болу үшін қазіргі заманғы жаңа технологиялар мен жаңашыл сабақ өту әдістемелерін кеңінен қолданады.

«Flipped Classroom» технологиясы білім беру процесіне американдық Woodland Park жоғары мектебінің Аарон Самс және Джонатан Бергманн есімді химия пәнінің мұғалімдері арқылы енді [6, 148 б.]. Олар сабақ өткізу уақытын жаңа оқу материалдарын сөзбен ғана түсіндіруге арнаудың қажеті жоқ екендігін алға тартты. Яғни, жаңа сабақ тақырыбын видеодәріс түрінде жазып, сол видеороликтерді білім алушыларға үй тапсырмасы ретінде берудің артықшылықтарын дәлелдеді. Жаңа тәжірибеге сәйкес, алдын ала меңгерілген жаңа сабақ тақырыбына байланысты, білім алушы сынып бөлмесіне келгенде мұғалімнің қадағалауында бола отырып, практикалық жұмыстарды орындайды. Оқытудың бұл жаңа қағидасын авторлардың бірі Аарон Самс былай деп түсіндіреді: «Білім алушылар аудиторияға кіргенде олар тек жаңа мағлұмат алу үшін келмейді, олар видеодәріс көмегімен үйден біліп келген ақпаратты тәжірибе жүзінде көрсету үшін келеді [3].

Flipped Classroom технологиясының негізгі мәні теориялық ақпараттың АКТ құрылғылары арқылы меңгерілуі мен практикалық тапсырмалардың мәселені шешуге, іскерлікке және оқушылармен коммуникация құруға бағытталуы болып табылады [2, 165 б.].

Flipped Classroom технологиясы туралы Минин, Шайкина, Гаврилова сынды ресейлік зерттеушілердің еңбектерінде көп кездеседі. Зерттеушілердің барлығы технологияның оқытушы мен білім алушы үшін келесідей тиімділіктерін атап көрсеткен. 1. Жеке уақыт пен ыңғайлылық. Оқытушы өз видеодәрістерін өзіне ыңғайлы кез келген уақытта жазып ала алады, ал білім алушы дайын видеодәрісті тыңдаудың уақыты мен жылдамдығын өзі таңдайды. 2. Әр білім алушыға жеке назар. Оқушы жаңа сабақтың видеодәрісін

көргенде ақпараттың барлық сыныпқа емес, тек өзіне бағытталғанын сезінеді. 3. Ыңғайлы формат. Модель бойынша білім алушы лекцияларды бірнеше мәрте көре алады және тақырып бойынша тыңдағысы келген лекцияларды өзі таңдауына мүмкіндік жасалған. 4. Максималды тәжірибе. Негізгі назар алған білімді тәжірибе жүзінде шыңдауға (семинарлар, бақылау жұмысы, зертханалық жұмыстар, коллоквиумдар, талқылаулар т.б.) жұмсалады. 5. Технологияның әмбебаптылығы. Модель кез келген жастағы білім алушыға ыңғайлы болып келеді (бастауыш, орта, жоғары).

2008 жылдан бастап «Flipped Classroom» технологиясын ойлап тапқан американдық авторлар өз лекцияларын видео форматында жазып, оны өз оқушыларына үй тапсырмасы ретінде ұсына бастады. Өз әріптестерінің ойлап тапқан әдісін әлемнің әр бұрышындағы мұғалімдер тура солай өз тәжірибелерінде қолданып, өз оқыту роликтерін жасай бастады. Технологияның білім алушы мен мұғалім үшін мүмкіндіктері өте зор [3].


Гладких Дарьяның зерттеуі бойынша, «Flipped Classroom» технологиясы арқылы сабақ өту нәтижесінде сынып аудиториялары сабақ тақырыбын тыңғылықты меңгеру мен мәселелік сұрақтарды практикалық тұрғыда шешуге дағдылануға көп уақыт бөлуге мүмкіндік беретін орынға айналады [4,118 б.].

Аталмыш технологияның әртүрлі елдердегі білім беру процесіне танымал түрде енуі жайлы ақпараттар Козиков Я.С., Тихончук А.А., Сабанин А.М., Попадьян В.В. [5], Полухина М.О., Валеева Э.Э. [6], Скопова Л.В., Соколова О.Л. [7], Чернявская А.П., Ванчакова Н.П., Вацкель Е.А., Барабошина А.А. [8], Юрина М.В., Лопухова Ю.В. [9] еңбектерінде зерттелген. Барлық зерттеушілер «Flipped Classroom» технологиясының оқу үдерісіндегі маңызына тоқталып өткен.

**Зерттеу әдістері.** Зерттеу жүргізу барысында келесідей әдістер қолданылды: әдебиеттерге жалпы шолу, авторлардың ғылыми зерттеулері мен педагогикалық тәжірибелеріне өзіндік рефлексия жасау, мәліметтерді өңдеу және эксперименттік әдістер. Эксперимент ретінде, «Flipped Classroom» технологиясының білім беру орындарында қолданылу деңгейін анықтау мақсатында орта мектептің 10 сынып оқушыларынан және ЖОО-ның Филология факультетінің бакалавриат және магистратура деңгейінде білім алатын студенттерінен сауалнама алынды. Шолу жасалған ғалым-зерттеушілердің еңбектерін және алынған сауалнаманың нәтижесін сараптай келе, білім беру орындарының барлық деңгейінде «Flipped Classroom» технологиясын оқыту процесіне енгізуге ұсыныстар әзірленді.

**Талқылау мен нәтижелер.** «Flipped Classroom» технологиясын Ресейлік ғалымдар А. Евсеева мен А. Соложенко техникалық университет студенттеріне семинарлық және практикалық сабақтарды Flipped Classroom технологиясы арқылы өткізудің тиімділігіне көз жеткізу мақсатында, эксперимент жүргізген болатын. Эксперимент бойынша, университеттің ағылшын тілі мамандығының екінші курс студенттерін екі топқа бөлу ұсынылған. Топтың 50% бөлігі дәстүрлі форматта бетпе-бет сабақтарға қатысса, қалған жарты бөлігіне Moodle онлайн платформасы арқылы семинарлық сабақтар өткізілген. Студенттердің өзіндік жұмысы аудитория бөлмелерінде ұйымдастырылды. Аудиторияда семинарлық сабақтар басталмас бұрын студенттер жаңа сабақ тақырыбына байланысты қысқа көлемде видео-дәрістер көріп, қосымша онлайн ресурс арқылы тест тапсырды, одан бөлек тақырып сұрақтарына байланысты дискуссия ұйымдастырылды. Жалпы алғанда аудиториядағы уақыт студенттерге қиындық туғызған грамматикалық және лексикалық тапсырмаларды шешуге, презентациялар мен баяндамалар қорғауға және маңызды тақырыптарды талқылауға бағытталды. Семинарлық сабақ аяқталған соң студенттер материалдарды игеру деңгейін тексеру мақсатында онлайн платформада тест тапсырған. Аталмыш әрекеттердің барлығы Moodle платформасы арқылы орындалды [10, 208 б.].

Зерттеушілер «Flipped Classroom» технологиясына байланысты студенттердің жеке пікірлерін анықтау мақсатында арнайы сауалнама өткізген болатын (1-сурет).



1-сурет. Студенттерден алынған сауалнама нәтижесі

1-суреттен көріп отырғанымыздай, студенттердің 85%-ы «Flipped Classroom» технологиясы арқылы сабақ өткізуді тиімді әрі қызықты деп қабылдаса, қалған 15%-ы бұл технологияны сабақ кезінде тап болған қиындықтарға байланысты құптамады. Сондай-ақ, студенттердің 98%-ы электронды ресурс материалдары арқылы сабақ меңгеруді ең тиімді әдіс деп бағалаған, басым бөлігі (75%) онлайн платформа кеңістігінде өзге студенттермен өзара іс-әрекет және мықты коммуникация арқылы білім алмасуға үлкен мүмкіндіктер беретінін растады. Сондай-ақ, оқытушылар пікірі бойынша, «Flipped Classroom» технологиясы студенттер мен мұғалімдердің уақыттарын максималды түрде үнемдеуге, білім алушыларға тақырыптық материалдар мен жаңа ақпаратты жеңіл әрі оңай меңгертуге жағдай жасайтын таптырмас әдіс болып табылады [10,209]. Бұл зерттеуден «Flipped Classroom» технологиясының жоғары білім беру жүйесінде қолданылуының өзектілігі байқалады.

Ресейлік ғалымдар Енбаева мен Иванованың зерттеулері бойынша, «Flipped Classroom» технологиясын орта білім беру орындарында қолданудың тиімділігін дәлелдеу мақсатында сыныптың оқушыларын екі топқа бөлу арқылы тәжірибе жүргізілген болатын. Оқушылардың бір тобына сабақ дәстүрлі форматта өткізілсе, екінші топқа «Flipped Classroom» технологиясы әдістері арқылы өткізілді. Оқушылардың тақырып бойынша материалды игеру деңгейін анықтау мақсатында тест тапсырмалары алынды. Біріншіден, материалды дәстүрлі форматта игерген оқушылар тобы «Flipped Classroom» технологиясы әдістері арқылы сабақ өткізілген топқа қарағанда, тест тапсырмаларын орындауға 3-5 минут артық уақыт жұмсаған. Бұл өз кезегінде екінші топ оқушыларының материалды теориялық тұрғыда игеруінен гөрі практикалық жұмыстарды орындауға автоматты түрде көп шыңдалуымен түсіндіріледі. Екіншіден, дәстүрлі формат бойынша ақпарат алған оқушылардың тапсырмаларды орындау сапасы фокустық топқа қарағанда төмендеу болған, алайда айырмашылық қатты көп емес. Бұдан шығатын түйін: дәстүрлі формат пен «Flipped Classroom» технологиясының екеуі де сабақты өткізу дұрыс ұйымдастырылған жағдайда білім беру процесінде тиімді болып табылады. Алайда, білім алушыларға материалды игерту тек қана сабақ меңгеру өнімділігі мен сапасына ғана байланысты емес, сондай-ақ оқушының жеке тұлғалық қасиеттерін де жетілдіруге

бағытталуы тиіс. Яғни, Flipped Classroom технологиясы білім алушылардың бойында сыни ойлау, мәселелерді өз бетінше шеше білу, шығармашылық тұрғыда ойлай білу, коммуникативті байланыс құра алу, адамдарды басқара білу, шешім қабылдау мен ой ұшқырлығы сынды түйінді қабілеттерді қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ал мұғалімге осындай маңызды қасиеттерді білім алушының бойына сіңіруде жаңа инновациялық технологиялар мен АКТ жетістіктерін тереңінен қолдана білу маңызды. Үшіншіден, дәстүрлі форматта білім алған оқушылар грамматикалық тапсырмаларды шешуді қызықсыз деп қабылдаса, Flipped Classroom технологиясы арқылы білім алған оқушылар грамматикалық материалдарды игеруге және тапсырмаларды орындауға көбірек шабыттанған [11, 150 б.]. Сондай-ақ, олар бірінші реттік ақпаратты видеодәріс арқылы үйде көріп, меңгеріп алғаннан кейін, сынып бөлмесіне келгенде тапсырмалар мен жағдаяттарды шешуге ерекше энтузиазммен кіріскен. Көбінесе, шет тілдерін меңгеруде сынып аудиториясында оқушылар арасында игеріліп жатқан тілде коммуникация құруға назар аударылмайды. Ал практикалық сабақтарда уақыттың тығыздығына байланысты оқушылар алған теориялық білімді іс жүзінде көрсете алмай қалып жатады. Ал Flipped Classroom технологиясы оқушы мен мұғалім үшін де материалды игеру үшін уақыт үнемдеуге және керісінше, практикалық тұрғыда тапсырмаларды орындауға жеткілікті көңіл бөлуге мүмкіндік береді. Яғни, Flipped Classroom технологиясының ерекшелігі – оқу процесін оңтайландыруға және нақты мақсатты анықтай отырып, коммуникативті сипатта білімді жетілдіруге мүмкіндік беруінде. Ең бастысы, аталмыш технологияның негізінде білім беруші мұғалімдер арасындағы тәжірибе алмасу мен әрдайым өзін-өзі жетілдіру жүзеге асады. Себебі, технологияның тиімділігі мен ерекшелігі осы уақытқа дейінгі дүние жүзі педагогтері мен оқытушыларымен біршама тәжірибелер жүзінде дәлелденіп келеді. Бұл өз кезегінде педагогтер арасындағы сабақты түрлендіре отырып өткізуге қызығушылық пен білім алмасуға зор мүмкіндіктер береді. Ал сабақ өткізуді түрлендіре отырып жүзеге асыру ұдайы ізденіс пен үздіксіз дамуды қажет етеді [11,151 б.]. Аталмыш зерттеуден ұғынатын негізгі түйін – «Flipped Classroom» технологиясы оқушыларға жаңа сабақтың материалдарын терең игеруге, ақпаратты тәжірибе жүзінде шыңдай алуға және соның көмегімен өз білімін тексеруге бағытталған сұрақтарға еш қиындықсыз әрі жылдам жауап бере алу іс-әрекеттерін дамытуға көмектеседі.

Flipped Classroom технологиясы білім берудің кез келген деңгейіндегі сабақ өту процесіне ұтымды түрде енгізуге болатын әдістердің бірегейі. Технологияны жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім беру орындарында да оқу үдерісі барысында қолдану аталмыш технологияның заманауи сұранысқа ие әдістер мен тәсілдерді қамтитындығын білдіреді. И.А.Гаврилова жүргізген зерттеулер мен педагогикалық эксперимент бойынша, Flipped Classroom технологиясын магистратура деңгейінде білім алушыларға сабақ өткізу барысында қолдану студенттер мен оқытушылар үшін материалды игеру мен тақырып бойынша бағыт-бағдар беруде таптырмас құрал екендігі анықталған болатын. Бұл тәжірибе бойынша, заң мамандығының студенттері үшін нормативтік құжаттар мен заң тармақтарын кәсіби ағылшын тілі пәнінде оңай әрі тиімді игеру үшін рандомды түрде таңдап алынған 11 студентке Flipped Classroom әдісі бойынша семинар сабақтарын өткізу ұйымдастырылды. Технологияның тиімділігіне тәжірибе жүзінде көз жеткізілгеннен кейін, аталмыш мамандық студенттеріне сабақ өткізу барысында осы әдіс кеңінен қолданылып келеді [12, 3568 б.]. Тәжірибе бойынша, ең алдымен аудио-видеоматериалдар, мәтіндік және мультимедиялық контент, нұсқаулық құралдары дайындалып алуы қажет. Мамандық төңірегінде ағылшын тіліндегі сөздерді тез жаттап алу мен мағынасын оңай игеру мақсатында электронды сөздіктер мен интеллект-карталар құрастырылады. Яғни, студенттер сөздердің аудармасы мен мағынасын интеллект-карта көмегімен жазып немесе онлайн-платформада толтырып шығуы қажет. Ал интеллект-карталардың ақпаратты тез қабылдау мен есте сақтауға және материалды игеру барысында оңай

концентрация жасауға көмектесетінін ерекше атап өту қажет. Себебі, графикалық және логикалық тұрғыда өзара байланысқан сөздерді бір қарағанда есте сақтау сөздерді кітаптан қарап 3-4 мәрте оқуға қарағанда тиімдірек. Сондай-ақ, лексиканы игеру процесі әрі қарай мамандықтың қыр-сырын жан-жақты ұғыну мақсатында CareersBox онлайн платформасында фильм қараумен жалғасады. Бұл видеороликтердің негізгі ерекшеліктерінің қатарына ұзақтығының максималды түрде 5-7 минутқа созылуын, жұмыс орнындағы шынайы адамдар көрінісінің болуын, классикалық британдық ағылшын тілінің қолданылуы мен сабақ тақырыбына үйлесімді әуеннің болуын жатқызуға болады. Шет тілдерін меңгеруде видео-материалдарды қолдану білім алушылардың тіл меңгеруге деген сөзсіз қызығушылығын арттырады. Фильмді көріп болғаннан кейін, студенттер тақырыпқа байланысты сұрақтарға фильмнен көріп тыңдаған ақпарат төңірегінде үлкен көлемде жауап жазулары қажет. Бұл олардың тыңдау қабілеттерін дамытуға бағытталған. Студенттердің назарына сұрақпен бірге сұрақтың видеодағы интервал уақыты көрсетіледі, сұрақты түсінбеген жағдайда, студенттің видеодан сұрақты қайтадан тыңдауға мүмкіндігі бар. Сұрақтардың ішінде тек көрген фильмде жауабы кездесетін сұрақтар ғана емес, білім алушының өзінің жеке ой-пікірі мен шығармашылығына негізделген тапсырмалар да кездеседі. Бұл тапсырмалар білім алушының шығармашылық ойлауын және тапсырманы өз пайымдауымен шеше білу қабілетін арттырады [12, 3569 б.].

Тәжірибе авторы видео-материалдарды білім алушыларға алдын ала жіберу үшін Linoit онлайн-ресурсын қолданды. Бұл ресурс барлық білім алушыларға қолжетімді электронды тақта болып табылады. Яғни, үйде оқылған материалдан түсінген ақпаратты студент әр түрлі стикерлер арқылы немесе жай ғана жазбаша түрде жазып, жаңа тақырып туралы базалық түсінік қалыптастыра алады. Сондай-ақ, бұл тақтада мәтіндік жазбаларды, видеолар мен ақпараттық бейнелерді орналастыруға болады. Үй тапсырмасы ретінде берілген студенттің өзіндік жұмысы бойынша, магистранттар Linoit-ке белгіленген уақыт шеңберінде аты-жөндерін көрсете отырып, тапсырмаларға жауап жазылған стикерлерді орналастырды. Ал студенттер аудиторияға келместен бұрын, оқытушы платформадағы стикердегі берілген жауаптардың дұрыстығын тексерді. Ал сынып бөлмесіне келгенде студенттің тапсырмаларды орындау барысында жіберген қателіктері оқытушы-магистрант коммуникациясы арқылы жүзеге асады [12, 3570 б.]. Әрі қарай, «миға шабуыл» әдісі бойынша, магистранттарға Word Cloud онлайн-сервисі арқылы мини-диалог құрастыру тапсырылды. Word Cloud платформасының ерекшелігі – ақпаратты визуалды түрде көркем әрі анимацияға толы нұсқада қабылдауға мүмкіндік беруінде. Ал мұндай нұсқада берілген материал ұғынуға өте жеңіл әрі қызықты әсер етеді.

Зерттеушілердің тәжірибелері бойынша, магистранттың практикалық бағыттағы жүйелі іс-әрекетін қалыптастыруда маңызды орын алған тағы бір әдістердің бірі – рөлдік ойындар. Яғни, білім алушылар өздерінің мамандық бағытына байланысты видео-материалдарды көргеннен түсінген және түйген ақпаратты іс жүзінде орындап көрсе, бұл алынған білімді нық бекіте түсу үшін таптырмас құрал болып табылады [12, 3571 б.].

Тәжірибе негізінде, магистранттардың білім деңгейінде біршама жоғары нәтижелердің көрінісі байқалды. Яғни, игерілген материал бойынша өзіндік пікір мен түсінік айту, қойылған сұрақтарға көп ойланбастан жауап беру, компьютерлік тесттен жоғары көрсеткіштер көрсету, белсенділік пен сабаққа деген жоғары қызығушылықтың пайда болуы Flipped Classroom технологиясының тиімділігінің дәлелі болып табылады. Технологияның айрықша маңыздылығын сабақ өту процесіне мультимедиялық құралдарды кеңінен енгізу, мұғалім мен білім алушының практикалық жұмысқа зор мән беруі, сабақ өткізу уақытын қайта қарастыру сынды аспектілер құрайды. Тәжірибеден кейінгі алынған сауалнама нәтижесінде магистранттар интернет-ресурстармен, аудио және видео-материалдармен, электронды кітаптармен жұмыс істеу барысындағы бірізділікті, тапсырмалардың әр түрлі ерекше қызықтыратын формаларының болуын

және жалпылай айтқанда кәсіби ағылшын тілі пәні бойынша қол жеткізілген жетістіктер мен алынған білім деңгейіне толықтай қанағаттануды атап көрсетті [12, 3572 б.].

Ресейлік зерттеушінің еңбектерінде тиімділігі дәлелденіп, оқыту процесінде тиімді нәтиженің айтарлықтай дәрежесіне ие технологияның отандық білім беру жүйесіндегі қолданылу деңгейі қандай? Білім беруде түрлі заманауи тенденциялар дамып жатқан уақытта, біздің еліміздің білім беру жүйесіндегі жаңашылдықтың дәрежесі қаншалықты алға жылжу үстінде? Осы сұрақтарды зерделеп, орта, жоғары және жоғарыдан кейінгі білім беру жүйесінде Flipped Classroom технологиясының қолданылу сипаттамаларына дәлелдемелер келтіру мақсатында, орта мектептің 10-сынып оқушыларынан (56 оқушы), сондай-ақ, көп бағдарлы университеттің Филология факультетінің бакалавр деңгейінде білім алатын 3 тобынан (48 студент), магистратураның бірінші курсында оқитын топтан (15 студент) сауалнама алынған болатын. Орта мектептің оқушыларына (Кесте 1) және университет студенттеріне (Кесте 2) арнап құрастырылған сұрақтар тізімі және нәтижелер төмендегі кестелерде көрсетілген:

**Кесте 1. Оқушылардан алынған сауалнама мәтіні және нәтижесі (адам)**

Сұрақтар	Тұрақты түрде	Жиі	Сирек	Мүлде	Өзіндік пікір
Пәнді оқу барысында заманауи ІТ құрылғылары қолданылады ма?	2	7	10	37	
Оқу материалдары сабақ басталардан бұрын жіберіледі ме?	1	4	19	32	
Жаңа сабақ материалын видео, аудио, подкаст түрінде тыңдау қаншалықты жүзеге асады?	0	5	9	42	
Сабақ уақытында әр оқушыға жеке назар аударылады ма?	23	18	2	13	
Сабақта оқушылар бір-бірімен пікір алмасу, дискуссия арқылы ой бөліседі ме?	3	12	20	21	
Үй тапсырмасын тексеру онлайн түрде жүзеге асады ма?	2	0	4	50	
Оқыту процесінде мобильді қосымшалар және онлайн платформалар қаншалықты қолданылады?	0	0	3	53	

Кесте 2. Студенттерден алынған сауалнама мәтіні және нәтижесі (адам)

Сұрақтар	Тұрақты түрде	Жиі	Сирек	Мүлде	Өзіндік пікір
Базалық пәндерді оқыту барысында заманауи IT құрылғылары қолданылады ма?	4	8	50	1	
Элективті пәндерді оқыту барысында заманауи IT құрылғылары қолданылады ма?	5	10	48	0	
Жаңа сабақ материалын видео, аудио, подкаст түрінде тыңдау қаншалықты жүзеге асады?	9	15	30	9	
Семинар сабақтарында әр студентке жеке назар аударылады ма?	32	20	11	0	
Сабақта студенттер бір-бірімен пікір алмасу, дискуссия арқылы ой бөліседі ме?	50	9	4	0	
Практикалық тапсырмаларды орындауда онлайн платформалар қолданылады ма?	5	21	10	27	
Жалпы оқыту процесінде мобильді қосымшалар және онлайн платформалар қаншалықты қолданылады?	2	10	32	19	
Студенттерді сабақ материалдарымен алдын ала қамтамасыз ету қандай деңгейде жүргізіледі?	54	9	0	0	

Сауалнама нәтижесі Flipped Classroom технологиясының жоғары және орта білім беру орындарында қолданылу деңгейіне әлі де біршама жетілдіру мен жаңа идеялар қажет екендігін көрсетті. Атап айтқанда, орта мектепте сабақ өту процесінде жаңа тақырыпты түсіндіруде презентациялар қолданылатындығы, дегенмен оқу материалдары видео, аудио, подкаст форматтарында сабақ басталардан бұрын жіберілмейтіндігін, сондай-ақ оқыту үдерісінде мобильді қосымшалар мен онлайн платформалар мүлде қолданылмайтынын түсіне аламыз. Ал жоғары және жоғары оқудан кейінгі білім беру деңгейіндегі білім алушылардан алынған сауалнама нәтижесі бойынша, Flipped Classroom технологиясының оқыту процесінде біршама жоғары деңгейде қолданылатындығын ұғынуға болады. Яғни, жаңа сабақ тақырыбына қатысты презентациялар мен видеороликтерді студенттерге әлеуметтік желі арқылы жіберу, семинар сабақтарда тақырып төңірегінде студенттер арасында пікірталастар көп ұйымдастыру, практикалық тапсырмаларды ToonTastic, InShot секілді мобильді қосымшалармен орындауға басым назар аударылатынын айтып өтуге болады. Дегенмен, білімгерлердің сабақты меңгеру жылдамдығы мен оқыту сапасын арттыру үшін әлі де жоғары деңгейде жетілдірілген, жаңашылдыққа негізделген тың идеялар қажет.

Зерттелген ресейлік ғалымдардың тәжірибелерінің маңызын ұғына және алынған сауалнаманың нәтижелерін қорытындылай келе, Flipped Classroom технологиясын орта, жоғары және жоғарыдан кейінгі білім беру процесіне маңызды алғышарт ретінде қалыптастыруда біршама жаңа әдістер ұсынуға болады. Аталмыш технологияны отандық білім беру орындарындағы оқу процесінде терең қолдану білім алушылардың оқу үлгерімі сапасына оң әсер ететіні анық. Қазіргі таңда білім берудегі мақсат оқушылардың теориялық материалдарды тек жаттап оқуымен шектелуі ғана емес, сондай-ақ алған білімді тәжірибе жүзінде шыңдап, саналы түрде ұғынуына жол ашу болып табылады. Білім алушылардың бойында сыни ойлау, мәселелерді өз бетінше шеше білу, коммуникативті



байланыс құра алу, шығармашылық тұрғыда ойлай білу, адамдарды басқара білу, шешім қабылдау мен ой ұшқырлығы сынды түйінді қабілеттерді қалыптастыруда Flipped Classroom технологиясын қолданудың рөлі зор [11, 150 б.].

Оқыту процесінің барлық деңгейінде Flipped Classroom технологиясына негізделген бірнеше жаңашыл әдістерді атап өтуге болады. Бұл әдістерді түрлі платформалар мен онлайн ресурстардың көмегімен оқыту үдерісінде қолданса, сабақ өткізуде логикалық және жүйелілік пайда болады, әрі ол игерілген білімді практикалық тұрғыда бекіту үшін анағұрлым ұтымдырақ болмақ (2-сурет).



2-сурет. Flipped Classroom технологиясына негізделген онлайн платформалар

Flipped Classroom технологиясы неғұрлым жаңашыл технологиялар мен мультимедиялық құрылғыларға негізделген технология болғандықтан, сабақ өту процесінде электронды ресурстар кеңінен қолданылады.

1) Оқушыларға пән басталардан бір күн бұрын жаңа сабақ тақырыбына байланысты түсіндірме видеоларын жіберіп қоюға болады. Бұл интернет желілерінен алынған дайын видео-материалдар немесе мұғалімнің өз бейнесімен және дауысымен түсірілген видеодәріс болуы мүмкін. Білім алушылар видеоны өзіне ыңғайлы уақытта, қалаған орында көре алады. Сондай-ақ, видеоларды көріп болған соң, Linoit онлайн платформасында тақырыпқа байланысты берілген сұрақтарға жауап стикерлерін жазуға болады. Ал мұғалім сабақтың басталар уақытына дейін білімгерлердің платформадағы жауаптарын тексеріп, қате жіберілген сұрақтар бойынша әр білімгермен жеке талдау жұмысын жасайды. Практикалық сабақтарды өткізу барысында білім алушылардың стикерлерге жазылған жауаптары бойынша сабақтың жаңа тақырыбын талқылап, пікір алмасуға болады.

2) Подкасттар - білім алушыларға оқу материалдарын аудио форматында тыңдауға мүмкіндік беретін дыбыс жазбалары. Оқытушы подкасттарды мобильді телефонның дыбыс жазу функциясы арқылы немесе дыбыстық жазба құруға арналған мобильді қосымшалар мен сайттардың көмегімен құрастыра алады.

3) Білім алушыға жаңа сабақ басталардан бұрын жіберілген видеоларда айтылған мәліметтерді меңгеру деңгейін тексеру үшін, рөлдік ойындар ойнатуға болады. Рөлдік ойындардың ерекшелігі – білімгердің теориялық мәліметтерді шолып оқып қана қоймай, сабақ тақырыбының жалпы маңыздылығын түсінуге көмектесу. Мысалы, «Туризм» мамандығы бойынша білім алатын студенттер үшін рөлдік ойындар экскурсовод пен туристің арасындағы диалогтың баяндалуы жөнінде болуы мүмкін т.с.с. Бұл әдіс түрлі пәндік жағдаяттарға негізделген көріністі білім алушылардың қойылым немесе көрініс форматында көрсету қабілеттерін дамытуға бағытталған.

4) Word Cloud бағдарламасында сөздер арқылы диалогтар құру, сөздердің мағынасын түсіндіру, мағыналарды сәйкестендіру тапсырмаларын беруге болады. Бұл көбінесе тіл және филологиялық, гуманитарлық білім беру бағдарламаларындағы пәндерді өткізуде тиімділігі жағынан таптырмас әдіс болып есептеледі.

5) Алдын ала игерілген материалды түсіну дәрежесін анықтау мақсатында MindMapping, XMind қосымшалары арқылы оқытушы мен білімгердің жеке жұмысын қамтамасыз ету қажет. Бұл қосымшалар білім алушыға өзара логикалық және визуалды түрде байланысқан сызбалар арқылы теориялық мәліметті еш қиындықсыз түсінуге және оңай есте сақтауға көмектеседі. Мысалы, тіл бағытында оқитын білім алушылар үшін «Language and culture», спорт бағытында білім алатын білімгерлерге «Қысқы спорт түрлері және олардың ерекшеліктері» тақырыбында ассоциогарма құру тапсырмаларын беруге болады. Білімгерлердің сабақ материалдарын игеруге деген талпыныстарын дамыту үшін смартфон немесе басқа да электронды құрылғылар арқылы ассоциогарма құру әдісі визуалды тұрғыдан түсініктірек болады. Сол мақсатта дәрістерден игерілген ақпаратты нақты әрі визуалды көркем түрде схемалар, сызбалар түрінде бекітуге болады.

6) CareersBox – тақырыптық материалдарды қамтитын видеолар мен фильмдер көруге мүмкіндік беретін онлайн платформа. Бұл платформаның көмегімен білімгерлерге сабақ басталардан бұрын тақырыптың мәнін аша түсетін қысқа метражды фильмдер немесе видеолар жіберуге және практикалық тапсырмаларды жасап шығаруға болады. Егер жаңадан өтілетін сабақтың тақырыбына байланысты қысқа метражды фильмдер түсірілген болса, мұндай фильмдерді сабақ үстінде қарап, фильмді қарап болған соң әртүрлі практикалық тапсырмаларды орындауға болады. Ал егер фильм толық метражды болатын болса, оны оқушыларға алдын ала үйден көріп келу ұсынылады.

7) «Миға шабуыл» әдісі – білім алушының жаңа сабақ тақырыбы бойынша бастапқы түсініктерінің қалыптасуына көмектеседі. Бұл мақсатта оқытушы сабақты тақырыпқа байланысты бірнеше сұрақтар қойып бастайды. Не болмаса, «Сурет галереясы» стратегиясына сәйкес, білімгерлерге түрлі суреттер көрсетеді. Оқушылар суреттерге байланысты жаңа сабақ тақырыбы не туралы болатынын тауып, сол тақырып жайында өз пікірлерін ортаға салады, сұрақтарға жауап береді. Бұл әдістегі ең маңызды қағида – білімгерлердің барлығының пікірлері қабылданады, қате болып жатса айтылмайды, тек мұғалім оқушының ойын әрі қарай дамытады. Яғни, мүмкін болатын жауаптарды еркін, қысылмай айту арқылы білім алушының коммуникативтілік және өзіне сенімділік қабілеттері дамиды. Сонымен қатар, өз ойларын нақты жеткізе алуға үйренеді.

8) «Кейс-стади» – белгілі бір саладағы немесе бағыттағы туындайтын жағдаяттар мен оқиғаларды сипаттай отырып, білім алушыны сондай оқиғалар орын алған уақыттағы әрекеттер алгоритмі мен шешімін табу қабілетін дамытуға баулитын әдіс. Оқытушы жағдаяттық тапсырмаларды білім алушыға ұсынып, оқушының жауаптарын, мәселенің шешімін тыңдап, бірге талқылай алады. Кейстарды видео немесе мәтін түрінде де беруге

болады. Мәселен, медицина бағытында білім алатын ЖОО студенттеріне мамандық турасында түрлі кейс-тапсырмалар берілуі мүмкін. Бұл әдіс өз кезегінде білім алушыны теориялық ақпаратты тыңдаумен шектелмей, білімді тәжірибе жүзінде шыңдап және тез шешім қабылдау қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

9) Жаңа сабақ материалдары видео түрінде жіберілгеннен кейін, сынып аудиториясына келгенде оқушылар арасында жаңа тақырыпқа байланысты дебаттар мен пікірталастар ұйымдастыруға болады. Бұл оқушылардың өзара коммуникативтілік, шешім шығару, мәселелерді шешу қабілеттерін дамытады. Мысалы, жоғары оқу орындарында заң бағытында білім алатын студенттер мен магистранттар үшін түрлі жағдаяттарға байланысты пікірталастар ұйымдастырылуы мүмкін. Тура сол секілді жағдаяттық тапсырмаларды орта мектеп оқушыларына сабақ өту барысында, сонымен қатар ЖОО-ларда оқытылатын әрбір білім беру бағдарламаларының білім алушыларына ұсынуға болады.

10) Flipped Classroom технологиясына сүйене отырып, білім алушылардың өзіндік жұмысына берілетін тапсырмаларды түрліше форматта үйлестіруге болады. Мәселен, виртуалды тақтаға орындалатын жұмыстар, аудио-видео материалдарды көріп, оған байланысты сұрақтарға жауап беру, электронды тренажерлар арқылы сөзжұмбақтар шешу, практикалық сабақтарда тест тапсырмаларын көбірек орындау, сәйкестендіру тапсырмаларын орындау, әлеуметтік желілерде құрылған топтарда тақырып бойынша мини-эссе жазу, SpringerLink платформаларында жаңа сабақ тақырыбына байланысты әдеби материалдарға аннотация жазу, Oxford Bibliographies платформаларында әдеби шолуға қатысты тапсырмаларды орындау және т.б.

11) ToonTastic 3D мобильді қосымшасы – оқытушыларға дәріс материалдарын анимациялық көркем дыбыстық формада видео түрінде дайындап, білім алушыларға ұсынуға мүмкіндік беретін қосымша. Видеоның визуалды түрде тартымды болуы жаңа ақпаратты игеруге қызығушылықтың артуына көмектеседі. Соңдай-ақ, қосымшаны білімгерлерге практикалық жұмысқа тапсырма ретінде беруге болады. Олар сабақ үстінде тақырып төңірегінде түрлі видеороликтер дайындап, креативтілік қабілеттерін шыңдай алады.

Түйіндей келе, жоғарыда ұсынылған сабақ өту әдістері мен осы әдістерді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін электронды онлайн платформаларды орта мектептерде және ЖОО-ларда қолдануға болады. Оқыту әдістемесі түрлі икемге лайықтап қолдануға болатын кең ұғым. Яғни, Flipped Classroom технологиясы бойынша нақты бір типтегі ұқсас әдістерді ғана қолдана отырып сабақ өту міндетті емес. Сабақты жоғары деңгейде түрлендіріп, бір онлайн платформаның өзін бірнеше оқу белсенділіктерін орындауға ыңғайлап алуға болады. Бұл мұғалімнің кәсіби педагогикалық шеберлігінің деңгейімен тығыз байланысты. Ал Flipped Classroom технологиясы мұғалімге осы мүмкіндіктерді жүзеге асыруда маңызды көмекші дәнекер бола алады.

**Қорытынды.** Түйіндей келе, зерттеу барысында анықталғандай, Flipped Classroom технологиясының шығу тарихы американдық мұғалімдердің идеясымен байланысты болғанымен, бүгінде бұл технология әлем мұғалімдері білім берудің барлық деңгейінде қолданатын жетістіктердің біріне айналды. Қазіргі таңда технологияның сан қырлы форматын ресейлік білім беру орындары кеңінен қолданады. Оқушы мен мұғалім уақытының үнемделуіне, материалды тек оқумен ғана шектелмей, барынша терең түсінуге ұмтылуға, сол арқылы білім алушының білім жолында жоғары нәтижеге еш қиындықсыз жетуі үшін Flipped Classroom технологиясы бірден-бір тиімді әдістердің бірі болып табылады. Зерттеудің міндеттерін іске асыру барысында, келесідей нәтижелерге қол жеткізілді: 1. Flipped Classroom технологиясының пайда болу тарихы мен теориялық аспектілері сипатталды. 2. Ресейлік ғалым-зерттеушілердің бірқатар еңбектеріне шолу жасай отырып, технологияның білім беру жүйесінде қолданылу тәжірибелері зерттелді. 3. Зерттелген ресейлік тәжірибенің негізінде, технологияны отандық білім беру орындарында қолдануға идеялар ұсынылды.

Жаһандану заманында білім саласы да оқыту процесінде заманауи әдістер мен технологиялардың қолданылуын талап етеді. Сол себепті біздің еліміздегі білім беру жүйесі әлемдік білім аренаһы көпшіне оңай ілесу үшін сұранысқа ие әрі заманауи ғылыми технологияларды қолдануға қабілетті болуы тиіс. Ал сан алуан тәжірибелер көрсеткендей, Flipped Classroom технологияһы оқыту процесіндегі жаңа тенденциялардың ішіндегі ең тиімді технологиялардың бірі болып табылады. Сол себепті, технологияны отандық білім беру жүйесіне енгізу бүгінгі таңдағы өзекті идеялардың бірі ретінде танылады, бұл өз кезегінде отандық оқыту жүйесінің әлемдік білім кеңістігіне еркін енуіне мүмкіндік береді.

**Қаржыландыру.** Жұмыс АР19678230 ғылыми жобасы шеңберінде Қазақстан Республикаһы Ғылым және жоғары білім министрлігінің қаржылық қолдауымен орындалды.

### Әдебиеттер тізімі

1. Мемлекет басшыһы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы [Электронды қор]. – 2021. – URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtynkazakstan-halkyna-zholdauy-183555> (қарастырылған күні: 01.02.2023).
2. Груздева М.Л., Ткачева М.А., Булганина А.Е. Результаты внедрения технологии «flipped classroom» в образовательный процесс ВУЗа // Современные наукоемкие технологии. – 2021. – № 5. – Б. 165-169.
3. Перевернутое обучение: преимущества и недостатки [Электронды қор]. – 2019. – URL: <https://rosuchebnik.ru/material/flipped-classroom/> (қарастырылған күні: 01.02.2023).
4. Гладких Д. С. Использование технологии flipped classroom при обучении иноязычной письменной речи в старшей школе // Проблемы романо-германской филологии, педагогики и методики преподавания иностранных языков. – 2018. – № 14. – 118 б.
5. Козиков Я.С., Тихончук А.А., Сабанин А.М., Попадьин В.В. Педагогическая технология «перевернутый класс» как форма активного обучения специалистов физической подготовки вузов силовых структур к профессиональной деятельности в рамках контрактной системы // Ученые записки университета имени П.Ф.Лесгафта. – 2018. – № 5. – 118 б.
6. Полухина М.О., Валеева Э.Э. Использование технологии смешанного обучения «перевернутый класс» на основе платформы «TED-ED» // Вестник Самарского государственного технического университета. – 2018. – № 3. – 122 б.
7. Скопова Л.В., Соколова О.Л. Технология «Перевернутый класс» как эффективный прием создания информационно-образовательного пространства вуза // Нижегородское образование. – 2017. – № 1. – 45 б.
8. Чернявская А.П., Ванчакова Н.П., Вацкель Е.А., Барабошина А.А. Самонаправляемое обучение студентов в «перевернутом классе» // Ярославский педагогический вестник. – 2019. – № 2. – 60 б.
9. Юрина М.В., Лопухова Ю.В. Применение инновационной технологии «перевернутый класс» при обучении иностранному языку в техническом вузе // Самарский научный вестник. – 2017. – № 4. – 262 б.
10. Evseeva A., Solozhenko A. Use of flipped classroom technology in language learning // Procedia-Social and Behavioral Sciences. – 2015. – Т. 206. – 205-209 б.
11. Енбаева Л. В., Иванова М. А. Технология flipped classroom на уроке английского языка // Проблемы романо-германской филологии, педагогики и методики преподавания иностранных языков. – 2017. – № 13. – 143-147 б.
12. Гаврилова И.А. Технология Flipped Classroom в обучении иностранному языку в юридической магистратуре // Профессиональное образование в современном мире. – 2020. – № 1. – 3567-3577 б.

Г.А. Ризаходжаева<sup>1</sup>, Н. Нурмаганбетқызы<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмета Ясави, Туркестан, Казахстан

<sup>2</sup>Международный университет туризма и гостеприимства, Туркестан, Казахстан

### Цифровизация в процессе совершенствования коммуникативно-когнитивной компетенции

**Аннотация.** Данная статья предусматривает описание историю и сущность технологии Flipped Classroom, которая помогает обучающимся в углубленном усвоении материалов урока, изучить особенности применения технологии на различных уровнях образовательного процесса и предложить идеи по ее внедрению в казахстанских образовательных учреждениях. В статье рассматриваются аспекты использования технологии Flipped Classroom в процессе обучения путем обзора работ некоторых российских ученых. В ходе изучения особенностей технологии Flipped Classroom был проведен всесторонний обзор методов обучения, основанных на технологии проведения данного урока. Проведен анализ уровня использования проведения занятий в казахстанских образовательных учреждениях с помощью технологии Flipped Classroom, рассмотрены новые идеи для применения различных инновационных методов в отечественных образовательных учреждениях. По итогам исследования было установлено, что с помощью эффективного применения технологии Flipped Classroom увеличиваются возможности для освоения учащимися теоретического материала и беспроблемного выполнения практических работ. В ходе изучения различных практик было доказано, что внедрение технологии в процесс обучения на всех уровнях казахстанской системы образования является эффективным. По этой причине с помощью технологии Flipped Classroom разработаны новые рекомендации для интересного и понятного проведения урока, экономии времени обучающегося и преподавателя, умения обучающегося на практике оттачивать усвоенную информацию.

**Ключевые слова:** Flipped Classroom; онлайн ресурс; онлайн платформа; аудиоматериал; видеоматериал; практическое задание.

Г.А. Rizakhodjaeva<sup>1</sup>, N. Nurmaganbetkyzy<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Khoja Akhmet Yasavi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan

<sup>2</sup>International University of Tourism and Hospitality, Turkestan, Kazakhstan

### Digitalization in the process of forming communicative and cognitive competence

**Abstract.** This article provides a description of the history and essence of the Flipped Classroom technology, which helps students in in-depth assimilation of lesson materials, to study the features of the use of technology at various levels of the educational process and to offer ideas for its implementation in Kazakh educational institutions. The article discusses aspects of using Flipped Classroom technology in the learning process by reviewing the work of some Russian scientists. In the course of studying the features of the Flipped Classroom technology, a comprehensive review of teaching methods based on the technology of this lesson was conducted. The analysis of the level of use of classes in Kazakh educational institutions using Flipped Classroom technology is carried out, new ideas for the application of various innovative methods in domestic educational institutions are considered. According to the results of the study, it was found that with the effective use of Flipped Classroom technology, the opportunities for students to master theoretical material and perform practical work without problems increase. During the study of various practices, it was proved that the introduction of technology into the learning process at all levels of the Kazakh education system is effective. For this reason, with the help of Flipped Classroom technology, new recommendations have been developed for an interesting and understandable lesson, saving the student and teacher time, and the student's ability to hone the learned information in practice.

**Key words:** Flipped Classroom; online resource; online platform; audio and video materials; practical task.

## References

1. Memleket bassysy Kasym-Jomart Tokaevtyн Qazaqstan halqyna Joldaуy [Address of the Head of State Kassym-Jomart Tokayev to the people of Kazakhstan]. Available at: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyнkazakstan-halkyna-zholdaуy-183555> [in Kazakh]. (accessed 01.02.2023).
2. Gruzdeva M.L., Tkacheva M.A., Bulganina A.E. Rezultaty vnedrenia tehnologii «flipped classroom» v obrazovatelnyi proses VUZa. Sovremennye naukoemkie tehnologii [The results of the introduction of technology «flipped classroom» in the educational process of the university. Contemporary science-intensive technologies]. 2021. No.5. P165-169. [in Russian].
3. Perevernutoe obuchenie: preimushstva i nedostatki [Reverse learning: advantages and disadvantages]. 2019. Available at: <https://rosuchebnik.ru/material/flipped-classroom/> [in Russian]. (accessed 01.02.2023).
4. Gladkih D. S. İspolzovanie tehnologii Flipped classroom pri obuchenii inoiazыchnoi pismennoi rechi v starşei şkole. Problemy romano-germanskoi filologii, pedagogiki i metodiki prepodavania inostrannyh iazykov [The use of flipped classroom technology in teaching foreign written language in high school. Problems of Romano-Germanic philology, pedagogy and method of teaching foreign languages]. 2018. No.14. P. 118, [in Russian].
5. Kozikov İa.S., Tihonchuk A.A., Sabanin A.M., Popadin V.V. Pedagogicheskaia tehnologia «Perevernutyi klas» kak forma aktivnogo obuchenia spetsialistov fizicheskoi podgotovki vuzov silovyh struktur k profesionälnoi deiatelnosti v ramkah kontraktnoi sistemy. Uchenye zapiski universiteta imeni P.F.Lesgafta [Pedagogical technology «advanced class,» a form of active education of specialists, a physical subgroup of law enforcement officers for professional activities in the Framework of the contract system. Study notes of the University named after P.F. Lesgaft]. 2018. No.5. P.118. [in Russian].
6. Poluhina M.O., Valeeva E.E. İspolzovanie tehnologii smeşannogo obuchenia «perevernutyi klas» na osnove platformy «TED-ED» Vestnik Samarskogo gosudarstvennogo tehničeskogo universiteta [Use of technologies of mixed «advanced class» based on the TED-ED platform. Bulletin of Samara State Technical University]. 2018. No.3. P.122, [in Russian].
7. Skopova L.V., Sokolova O.L. Tehnologia «Perevernutyi klas» kak effektivnyi priem sozdania informacionno-obrazovatel'nogo prostranstva vuza. Nijegorodskoe obrazovanie [Technology «Advanced Class» is an effective approach to creating an information and educational space for work. Nizhny Novgorod education]. 2017. No.1. P.45, [in Russian].
8. Chernävskaia A.P., Vanchakova N.P., Vaskel E.A., Baraboşina A.A. Samonapravläemoe obuchenie studentov v «perevernutom klase» İaroslavl'ski pedagogicheski vestnik [elf-directed teaching of students in the «advanced class» Yaroslavl Pedagogical Bulletin]. 2019. No.2. P. 60, [in Russian].
9. İurina M.V., Lopuhova İu.V. Primenenie innovacionnoi tehnologii «perevernutyi klas» pri obuchenii inostrannomu iazyku v tehničeskom vuze. Samarski nauchnyi vestnik [The use of innovative technology «advanced class» in the training of a foreign car in the technological process. Samara Scientific Bulletin]. 2017. No.4. P.262, [in Russian].
10. Evseeva A., Solozhenko A. Use of flipped classroom technology in language learning. Procedia-Social and Behavioral Sciences [se of flipped classroom technology in language learning. Procedia-Social and Behavioral Sciences]. 2015. No. 206. P.205-209.
11. Enbaeva L. V., İvanova M. A. Tehnologia Flipped classroom na uroke angliškogo iazyka // Problemy romano-germanskoi filologii, pedagogiki i metodiki prepodavania inostrannyh iazykov [Flipped classroom technology in an English lesson. Problems of Romano-Germanic philology, pedagogy and methods of training alien writers]. 2017. No.13. P. 143-147. [in Russian].
12. Gavrilova İ.A. Tehnologia Flipped Classroom v obuchenii inostrannomu iazyku v iuridicheskoi magistrature. Profesionälnoe obrazovanie v sovremennom mire [Flipped Classroom Technology in Foreign Writing Training in Law Master's Degree. Professional Education in the Modern World.]. 2020. No. 1. P.35-67, [in Russian].

**Авторлар туралы мәлімет:**

*Ризаходжаева Г.А.* – PhD, қауымдастырылған профессор, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан.

*Нұрмағанбетқызы Н.* – «Туризм» мектебінің оқытушысы, Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Түркістан, Қазақстан.

*Rizakhodjaeva G.A.* – PhD, Associate Professor, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan.

*Nurmaganbetkyzy N.* – Teacher of the school «Tourism», International University of Tourism and Hospitality, Turkestan, Kazakhstan.